

К 63.3  
К 41

Fani ҚАРАСАЕВ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШЫФЫС ӨҢІРІ  
XVIII-XX ФАСЫР БАСЫНДАҒЫ  
БАТЫС, ОРЫС ЗЕРТТЕУШІЛЕРІ  
ШЫҒАРМАЛАРЫНДА,  
ФЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК  
БАСЫЛЫМДАРЫ  
ДЕРЕКТЕРІНДЕ




М. Семенов  
осен суду - майбұйбы, 1970  
жетекшілік  
шығарма - 6 нұхт  
б. - бүгін  
ақасын

86



М. Семенов  
В. Даркын  
Н. Канатова  
б. - бүгін  
ақасын

шығарма!



М. Семенов  
не анықталғас

Көсембадет шығарма № 206  
С. Н. Адамов 1970 жыл  
(Көсембадет шығарма № 206 "Адамов")

**67223 - Б-ка3 - 1100тг.**

**К 63.3**

**К 41**

**Қарасаев, Фани.**

Қазақстанның Шығыс  
өңірі XVIII-XX ғасыр  
басындағы батыс, орыс  
зерттеушілері  
шығармаларында, ғылыми-  
көпшілік басылымдары  
деректерінде  
(тарихнамалық бағыт). -  
396 б. - Өскемен : Медиа-  
Альянс, 2006

**Ғани ҚАРАСАЕВ**

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
ШЫҒЫС ӘҢІРІ XVIII-XX ҒАСЫР  
БАСЫНДАҒЫ БАТЫС,  
ОРЫС ЗЕРТТЕУШІЛЕРІ  
ШЫҒАРМАЛАРЫНДА,  
ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК  
БАСЫЛЫМДАРЫ ДЕРЕКТЕРІНДЕ  
(тарихнамалық бағыт)**

Әскемен  
«Медиа Альянс» баспасы  
2006

**ББК 63.3 (2)**

**Қ 41**

## **Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі**

### **Пікір жазғандар:**

**Игібаев С.Қ.** – тарих ғылымдарының докторы, профессор  
**Мамырханова А.М.** – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

**Қ 41**

**Қарасаев Ф.М.**

**Қазақстанның Шығыс өнірі XVIII-XX ғасыр басындағы батыс, орыс зерттеушілөрі шығармаларында, ғылыми-көпшілік басылымдар деректерінде (тарихнамалық бағыт). – Өскемен: Медиа-Альянс, 2006. – 396 б., 48 б. сурет**

**ISBN 9965-711-25-9**

Кітапта XVIII-XX ғасыр басы көлеміндегі Қазақстанның шығыс өлкесінің еткенін жазып, Ресейлік билік кезіндегі жергілікті халық тұрмысы, салт-дәстүрі, шаруашылығын, әлеуметтік жағдайын, т.б. кеңінен баяндаған, бірқатары осы өнірде тұрып, еңбек еткен батыс, орыс зерттеушілерінің сирек кездесетін, көпшілігі өз кезінде, қазір де жарияланбаған еңбектері, мұрағат құжаттарында жинақталған деректері сараланған.

Автор сонымен қатар аталған уақыттағы Ресейдің ғылыми журналдары мен мәрзімді басылымдарындағы өлкे тарихына арналған мақалалар мен шолула-ра талдау жасап, олардан молынан деректер келтірген.

Осы көрсетілген тарихи шығармалар алғаш рет қазақ тілінә аударылып, өлкे тарихын зерттеуге арналған тарихнамалық шолу ретінде ұсынылған.

Кітап тарихшыларға, мектеп оқушыларына, студенттерге, Қазақстанның Шығыс өнірінің нақты тарихын білгісі келетін барша оқырманға арналған.

**Қ 0503020905  
00(05)-05**

**ББК 63.3 (2)**

**ISBN 9965-711-25-9**

**© Қарасаев Ф.М., 2006  
© «Медиа-Альянс» баспасы, 2006**

## АВТОРДАН

Тәуелсіз Отанымыздың тарихын жасап, оны бүгінгі ұрпаққа жеткізуде қазіргі күні байқалынып қалатын бір құбылыш бар сияқты. Осы тұрағыда жеріміздің XVIII-XX ғасыр базы көлеміндегі Ресей империясы құрамында болған кезіндегі тарихын, соның ішінде патша әкімшілігінің жүйелі де мақсатты түрдө жүргізген отарлық саясатынан өлшеусіз зардал кешкен халқымыздың ауыр халін құпиялары ашила бастаған мұрават құжаттары негізінде жариялау барысында көпшілігіміздің ой-санамыздың отаршылдық саясатты жүргізуши барша орыстар деген ұзым қабылданып отырағы жасырын емес. Осындай себептен де өлімізге XVIII ғасырдың басынан өр түрлі жолдармен, мақсатпен келіп, көпшілігінің шын пейілмен қабылдаған екінші Отандарына, ұрпақтары үшін туған жерлерінде айналған басқа ұлт өкілдерімен арадағы қалыптасып отыраған достыққа көлөңке түсे ме деген де ойга қалатындығымыз рас.

Тағдырымызға жазылған көпұлттылықты болашақтағы барша кеселдің басы деп ұқпай, өлімізді нақты жағдайдагы халықтар достықтының мекенінде айналдыруға үлес қосқаннан тек ұтарымыз ғана анық. Эр қазақтың аталаған талап тұрағысынан шыға білуі бізге деген өлімізді мекенделеп отыраған басқа ұлт өкілдерінен ізеттілікті, құрмет пен сүйіспеншілікті ғана тудыратындығы белгілі.

Еліміздің өткен тарихы да осындай талап тұрағысында жазылып, қалыптасқан ұлттар достықтының сабактастырын іске асыру керек екендігі де түсінікті. Кең байтақ жерім-

ізге ие болар халқымыздың қазіргі санының аздығы, экономиканы заман талабына сай көтеру де біздің әрқайсымыздан осындағы іс-қимылды іске асыруды талап етеді. Еліміздің әр азаматтының халқының өткенін жақсы біліп, оның игілігін насхаттап, кемшилігінен алдағы болашагында сабак ала білуі, осы арқылы тарихи сабактастықтың қалыптастырылуы мен жалғастығының маңызын ұғынуы да күн талабы екендігі белгілі. Яғни мемлекетіміздің басшысы Н.Ә. Назарбаевтың сөзімен айтқанда: «Ұлт ішіндегі мәдени қасандықтан құтылудың басты жолдарының бірі – ұлттық тарихқа заңды мақтандыш көзі және мәдени таным-түсініктің тірегі ретінде қарайтын біртұтас көзқарас орнықтыру болса керек»[1].

Осы талап тұрағысынан алып қарайтын болсақ та патша үкіметінің тарапынан жүргізілген отарлық саясатына қарамастан қазақ халқының өткенін зерттеуге ат салысып, жақсылығын жариялаган, сол кездегі әртүрлі себептермен отарлық езгіге түскен ауыр халіне ортақтасқан орыстың иgi мақсаттагы галымдары, зерттеушілері мен жиһангерлерінің, оқыған азаматтарының еңбегін қалай ғана ұрпағымызга насхаттамасқа.

Олардың бір тобы нақты істерімен жергілікті халық арасында құрметке ие болса, енді біреулөрі қазақ халқының шындық тарихын жазумен айналысты. Сол кезде-ақ қалыптасан жергілікті халық пен орыс қоныстанушыларының достығын паш етті. Патша үкіметінің отарлы саясатының құрбаны болған халықтың ауыр халін бүкпесіз көрсетті. Олардың қатарында белгілі галымдар, өлкетанушылармен қатар Ресей үкіметінің өлкені өнеркәсіптік және әскери игеру мақсатындағы ұйымдастырылған экспедицияларына қатысып, халқымыздың сол кездегі түрмисын шындықпен жазып, жерінә ғылыми тұрвыда сипаттамалар жасаван өнеркәсіп мамандары, әскери қызметкерлер, өлкедегі тау-кен зауыттарының жекелөгөн инженерлері, шененікттері дө болды.

Атап айтқанда, А.И. Левшиннің қазақ жерінің табиғи ерекшеліктері мен саяси-әлеуметтік шаруашылық дамуына арналған «Описание киргиз-кайсацких или киргиз-казацких орд и степей» атты зерттеуі арқылы біздің халқымыз XIX ғасырдың басында әлем өркениеттігіне танылды.

...Бұл еңбекті одан кейінгі уақытта да ғалымдардың көлесі өкілдері ғылымдағы аса үлкен жетістік деп бағалады. Осы тұрғыда белгілі орыс ориенталисі В.В. Григорьев өзінің бір еңбегінде, уақыты келгенде қазақтар Левшиннің өздері үшін атқарған істерін түсініп, оның үш томдық шығармасы «бұл халықтың тарихи дерегіне айналып, гректер үшін Геродот пен Фукидидің еңбектері, немістер арасындағы Тақиатің Германия туралы кітабындағы құрметке ие болады», – деп көрегендікпен жазды [2].

Жекелеген зерттеушілердің көвшілігі өлкे тарихына арналған құнды шығармалар жазумен қатар өз қызметтерінө сол кездегі қазақ оқымыстарылары өкілдерін де кеңінен тартты. Атап айтқанда XIX-ғасырдың аяғындағы еліміздің шығыс аймагы қазақтарының шаруашылығын, әлеуметтік дамуын кеңінен қарастырып, дұрыс қорытынды жасаван көрнекті ғалым, белгілі есеп қызметкери (статистик) Ф. Щербинаның экспедициясына оның тікелей ұсынысымен Э. Бекейханов белсене қатысты. «... Бекейханов мырза, – деп көрсетті Ф. Щербина оның экспедицияга қажеттігі туралы И.И. Тихеевке жазған ... хатында, – экспедицияга аса керекті маман-статистик. ... Тегі қыргыз бола отыра және қыргыздар тұрмысын аса жақсы білу арқылы Бекейханов өлкенің табиғи-тарихи жағдайын зерттеугө арналған білім алды, ...»..

...Міне, осылай Э.Н. Бекейханов экспедициява басынан, яғни 1896 жылдан қатысты. ...Ф.А. Щербинаның экспедициясынан жинаған тәжірибесі Э.Н. Бекейхановтың ғалым ретінде қалыптасуына үлкен әсер етті. ...Э.Н. Бекейхановтың маңызды еңбектерінің бірі, 1910 жылы шыққан «Казахи», ата-

лған экспедицияның далалық облыстарды зерттеудің негізінде жазылды [3].

Жоғарыда келтірілген мысалда сол дәуірдегі көптеген орыс валымдарының дарынды, білімді жергілікті ұлт өкілдерінің барша қабілтерін көрсетіп, саяси-ғылыми ортаға тартылуына өзіндік қызмет атқарғандықтарының бір ғана дәлелі болып табылады.

Сондықтан да алдарыңыздың шыгармада Қазақстанның Шығысы және Алтай өлкесінің тарихын жасауға үлес қосқан, алайда соңғы кезге дейін көвшілікке жете таныс болмаван тұлғалардың өңбектерінде тарихнамалық тұрақтыда шолу жасап, есімдерін, шыгармаларын ұрпағымыза жеткізуғе назар аударылды. Осы арқылы гасырлар бойы қалыптасып, уақыт сынынан өткен еліміздің қазіргі күнгі асыл қазынасы – халықтар достығының сабактастыруын пашетуге көніл бөлінді.

Яни, Владимир Ильич Лениннің: «Біздің тамаша Отанымызды патшалық жендөттер, дворяндар мен капиталистер қазіргі зорлық-зомбылыққа, өзгіге және қорлыққа ұшыратып жатқанын көріп, сезініп отыру бізге қаттырақ батады. Бұл зорлық-зомбылыққа қарсы өз ортамыздан, великоросстардың ортасынан тойтарыс берілгендейгін, біз мақтаныш етеміз» [4], – деген тұжырымы отарлық өзгіге ұшырап, дағдарысқа түскен халқымыздың тағдырына ортақтасып, олардың өткенін барынша шыншылдық тұрақтысында зерттеп, болашағын айқындааң, өркениетті ортаға таныстырған XVIII-XX ғасыр басы көлеміндегі осы орыс зерттеушілерінде де арнап айттылғандай.

Міне, көрсетілген мақсатта автор осы кітапта баяндалған жоғарыда аталған өлкемізді зерттеушілер өңбектерін саралап, олардың қызметтерінде баа беруді оқушы қауымда қалдырады.



*Kipicne*



*«Алдағы міндет ұлт мәдениетінің ұлы тұлғасын кезеңдік бұрылыштарда тарих сахнасына «шығара» білуде болса керек».*

**Н.Ә. Назарбаев**



Халқымыздың ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздікке жеткен қазіргі күні болашақтағы беріктігімізді іске асыруда өткен тарихымызды жеткілікті тұрғыда саралап, үлгі алар жақтарын жаңғыртып, кемшіліктерінен қорытынды шығара білу қазіргі басты күн талабы екендігі белгілі.

Қазақстан республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жазуынша: «Біздің кіндігіміз жеті атамызбен ғана жалғасып жатқан жоқ, одан да арғы Үнді мен Ніл, Еділ мен Дон жағалауларына қазақ даласының рухын жеткізген бабалармызбен де жалғасып жатыр. Осынау қанатын кеңге жайып, жаңарын алысқа салатын қазақ рухы өзірге өз деңгейінде парықталмай келеді» [5].

Осы тұрғыдан алып қарағанда Қазақстанның әрбір өлкелері мен өнірлерінің тарихын тың мәліметтер, құнды мұрағат құжаттары арқылы зерттеп, оның өзіндік ерекшелігін айқындау, осы арқылы нақты шындыққа негізделген біртұтас ел тарихын жасаудың маңызы үлкен.

Еліміздің нақты мәліметтерге негізделген осындай тарихын жасаудың өзіндік мақсаты да бар. Себебі өткенімізге шындық тұрғысында талдау жасамай біз сол дәуірдегі халқымыздың басынан өткен оқиғаларға, тарихи құбылыстарға нақты баға bere алмаймыз. Осы тұрғыдан алып қарағанда ұлт тарихындағы ауыр да қыын кезеңінің бірі – оның Ресей құрамындағы бодандықты бастан кешкен дәуірі болып табылады. Кеңестік жүйе, коммунистік ілім кезінде Қазақстанның Ресей империясының құрамына енуі қазақ халқының өз еркімен болған құбылыс ретінде бағаланып, патша үкіметінің отарлық саясаты бүркемеленіп, келді. Оның жергілікті халық арасындағы іске асырылған біршама игілікті істеріне ғана назар аударылды. Патшалық әкімшіліктің отарлық саясаты толық ашылмады. Оның өзіндік мақсаты да болғандығы анық.

Осы тұрғыда Кеңестік саясат кезінде қарауға рұқсат етілмеген өз еліміздегі мұрағат құжаттарымен қатар Ресейдің мем-

лекеттік мұрағаттарындағы біздің еліміздің өткеніне қатысты құжаттарын қарап, талдау аса маңызға ие.

Сонымен қатар аталған мақсаттағы толыққанды тарихы-мызды жасауда XVIII –XX ғасырлар басы көлемінде қазақ даласында, соның ішінде оның шығысы, Алтай аймағы өнірлерінде әр түрлі мақсатта болған немесе онда үзақ уақыттар тұрып, қызметтер атқарған зерттеушілер мен жихангерлердің, саяси жер аударылғандардың жергілікті халықтың әлеуметтік, шаруашылық, мәдени дамуын жазып қалдырған еңбектерінің орны ерекше. Олардың басым көпшілігі өз шығармаларында біздің ұлттымыз туралы жоғарыда көрсетілгеніндей шындықты жазды, оның ауыр тағдырын баяндады. Қазақ халқының барлық салада да ешкімнен кем емес екендігін айқындады. Жергілікті халық пен орыс қоныстанушылары арасындағы қалыптасқан түсіністікті, ұғыныстықты паш етті.

Сондықтан да алдарыңыздағы осы кітапты жазудағы мақсат та аталған зерттеушілердің шығармаларына шолу жасау, оны қазірғі үрпаққа жеткізу болды. Себебі олардың зерттеулерінің басым көпшілігі өз кезеңінде жеке шығарма ретінде басылып шықпады. Бұл еңбектерді жинақтап, жариялау көңес заманында да іске аспады. Бірде-біреуі қазақ тіліне қазіргі уақытқа дейін аударылған жоқ. Тіпті ғылыми айналымға да кірлізілмеген тың шығармалар болып есептеледі.

Сонымен бірге кітаптың арнайы тарауына XIX-XX ғасырдың басы көлеміндегі Ресейдің ғылыми-көпшілік журналдары, хабаршыларындағы өлкеміздің көрсетілген кезеңдегі тарихына арналған бүгінгі күнгі аса сирек кездесетін құжаттарға айналған, қайталанып басылмаған мақалалар мен шолулар да жүйеленіп, қазақ тіліне аударылып, талдау жасалынды.

Олардың қатарында Императорлық Ресей географиялық қоғамының, оның Сібір бөлімінің, XIX ғасыр сонынан шыға бастаған Семей бөлімшесінің хабаршыларындағы, сараланғандармен қатар XIX ғасырдың сонынан басталған мемлекеттік тұрғыдағы жаппай қоныстандырудың мақсаты, оның көлемі, барысы туралы Ресей үкіметінен мәліметтер беріп тұрған «Вопросы колонизации» журналының көптеген сандарындағы мақалалар мен анықтамаларға, жазбалар мен хабарламаларға да шолу жасалынды.

Еліміздің осы аталған өнірлерін өнеркәсіптік игеру, сауда-ны үйымдастыру, табиғатын, жер жағдайын зерттеу мақсатындағы шығып тұрған т.б. жинақтардағы жергілікті қазақ халқының тұрмысына, кәсібіне, әлеуметтік дамуына, т.б. арналған маңызды шолуларға да сипаттама берілді.

XIX-XX ғасырлар көлеміндегі Ресей патшалығының еліміздің осы өлкесінің шекаралық аймақтарына жіберілген әскери экспедициялар жазбалары да сұрыпталынып, олардағы өлке тарихына байланысты мәліметтер жинақталынып, аударылып, осы кітаптың арнайы тарауына енді.

Жалпы өлкеміздің тарихын алғашқы зерттеушілер есімдерінен шолу жасайтын болсақ XVIII ғасырда Алтайда болған жи-хангерлер И. Гмелин, П.С. Паллас, И.П. Фальк, И.М. Рено-ванц, т.б. жекелеген мәліметтер қалдырыды [6].

XIX ғасырда (Шығыс Қазақстан өлкесіндегі - F.K.) көнедүние ескерткіштерін зерттеумен Г. Спасский, С.И. және И.С. Гуляевтер, Н.Я. Коншин айналысты.

...Кен орындары мен зауыттардың орналасуы, кен және металл өндіру, тау-кен зауыттарының техникалық жараптануы туралы мәліметтерді ... В. Геннин, П.С. Паллас, Г. Спасский, А. Кулибин, П.А. Чихачев, Г.Е. Шуровский, Н.А. Иосса, береді. Олардың кейбіреулөрі (В.И. Семевский, Н. Зобнин, И. Тыжнов) еңбекшілердің жағдайлары мен күресі туралы мәліметтер береді [7].

Сібір мен Қазақстанның, соның ішінде Шығыс өлкесінің тарихын зерттеуде 1845 жылы құрылған Ресей географиялық қоғамы, оның Батыс Сібір бөлімі (1877 жылдан) Семей бөлімшесі (1901-1902 жылдардан) елеулі орын алады. Аталған қоғамның Батыс Сібір бөлімінде және «Алтайский сборникте» ғылыми мақалалар жариялаған қоғамның өкілдері (П.А. Голубев, Б.Г. Герасимов, Н. Зобнин, Ф.К. Зобнин, Н.Я. Коншин, Е.П. Михаэлис, Е. Шмурло, т.б.) өлкенің тарихы, экономикасы, этнографиясы туралы мәліметтер қалдырыды.

Осы дәуірдегі өнеркәсіптің дамуының тарихы кейбір мерзімді баспасөз басылымдарында (Горный журнал, Вестник золотопромышленности и горного дела, Томские губернские ведомости, Семипалатинские областные ведомости, т.б.) жарияланды.

Өлкенің көнө заманнан қазіргі күнгө дейінгі тарихына арналған (тарихнамалық - F.K.) жиынтық еңбек «Очерк истории Рудного Алтая» (1970) болып табылады [8].

Алайда жоғарыда аталып кеткендей қазіргі уақытқа дейін осы зерттеушілердің шығармаларын сарапап, қазақша жариялау іске асқан жоқ.

Сонымен бірге Қазақстан тарихын мемлекеттік тілде оқытудағы бұл күнгі орын алып отырған қыыншылықтардың бірі де қазақ тілінде жарияланған арнайы зерттеу еңбектердің аздығы. Соның ішінде еліміздің жекелеген өлкелерінің ана тіліміздегі тарихнамасының жеткіліксіздігі де Отанымыздың өткен тарихын насиҳаттауға кедергі келтіруде.

Мініе сондықтан да осы тарихнамалық кітапты дайындау мақсатында соңғы бірнеше жыл бойы Ресейдің Омбы облыстық, Алтай өлкелік, Қазақстан Республикасының, Шығыс Қазақстан және бұрынғы Семей облыстық мемлекеттік мұрағаттарының қорлары, республикалық және Шығыс Қазақстан облыстық, Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті кітапханаларының, Шығыс Қазақстан, Семей облыстық мемлекеттік мұражайларының сирек кездесетін әдебиеттер қорларынан мәліметтер жинақталды, оның барлығы қазақ тіліне аударылды. Осы арқылы Қазақстанның Шығысы мен Кенди Алтай өңірінің өткенінің мемлекеттік тілдегі неғұрлым толық тарихнамасын жасау, оны еліміздің өткенін жете білгісі келетін оқырмандарға, соның ішінде мектеп оқушыларына, студенттерге, тарихшыларға ұсынуға назар аударылды.

Шындығында да еліміздің шығыс өңірінің тарихын қамтыйған Қазан төңкерісіне дейінгі жазылған шығармаларды көпшілік кітапханалардан табу мүмкін емес. Біздің еліміздің тарихын айқындағы түсетін осы бағалы мәліметтер Қенес заманында орыс тілінде болса да жинақталынып, шығып көрмеген. Оның басты себептерінің бірі де коммунистік саясат кезіндегі орыстан басқа халықтардың тарихы жоқ деген тұжырымға сай біздің халқымыздың өткеніне қажеттіліктің болмауынан да болар.

Атап айтқанда, орыс тілінде 1966, 1973 жылдары шыққан А. Янушкевичтің «Дневники и письма из путешествий по казахским степям», П. Чихачевтың «Путешествие в Восточный Алтай» атты кітаптары бұл шығармаларға деген сұраныстың көптігіне қарама-

стан қайтадан басылмай, сирек кездесетін кітаптар қорына қосылып отыр. Ал бұл шығармаларда оның авторлары XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстанның Шығыс, Алтай өңірлері қазақтарының түрмисы, мәдениеті, салт-дәстүрі, өлкедегі шаруашылық өзгерістер барысына талдау жасаған.

1993, 1999 жылдары А.И. Левшиннің «Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких Орд и степей», И.Г. Андреевтың «Описание Средней Орды киргиз-кайсаков» атты еңбектері жарық көргенімен олардың да ешқандай қазақша аудармалары жоқ. Ал бұл жағдай еліміздің жалпы және жекелеген өлке тарихын өз ана тілінде оқып, білгісі келетіндерге елеулі қындық келтіретіндігі айқын. Ал толық мәліметсіз халқымыздың өткенін шындық тұрғысында жасаудың өзі мүмкін емес екендігі онсыз да түсінікті.

XVIII ғасырдың сонындағы П.С. Палластың «Путешествия по разным провинциям Российского государства» (СПб., 1772.– Ч.2; СПб., 1773. – Ч. 3, СПб., 1809.), XIX ғасырдың екінші жартысында басылып шыққан И. Завалишиннің «Описание Западной Сибири» (Москва, 1862), Н.М. Ядринцевтың «Сибирь-как колония (СПб., 1892) атты бірнеше томдық кітаптары тіпті одан кейін орыс тілінде де шығып көрmedі.

Өлкеміздің тарихынан баға жетпес мәліметтер беретін Г.Н. Потанин, Н.Я. Коншин, Б.Г. Герасимов, Г.Е. Катанаев, В.Д. Коцовский, Е. Шмурло, А.А. Сборовский, Г.Н. Новиков және Н.М. Ядринцевтың (мақалалары - F.K.) шығармалары XIX–XX ғасыр басындағы жекелеген ғылыми журналдардарда, хабаршыларда ғана жарияланды. Н.Я. Коншиннің көптеген құнды еңбектері, ал Б.Г. Герасимовтың, Г.Г. Новиковтың, т.б. барша зерттеулерін мұрағат қорларының жекелеген істерінен ғана кездестіруге болады.

Міне сондықтан да еліміздің шығыс, солтүстік шығыс, орталық, Батыс Алтай өңірлерінің барша өткенін қамтыған осы еңбектерді жинақтап, қазақ тіліне аударып, жүйелеу, олардың қысқаша мазмұнын беру негізгі міндеттердің бірі болды. Оны іске асыру арқылы өлкенің тарихнамасын мол мәліметтермен қазіргі талап мақсатында толықтыруға мүмкіндік туатындығы белгілі.

Осы шығарманың негізінде айналған өлке тарихын зерттеушілердің жекелеген мәліметтері автордың оның алдындағы

шығарылған «Қазақстан және Алтай өңірі XVIII-XX ғасырлар аралығында» атты кітабында, сонымен бірге аталған дәуірді зерттеуге арналған мақалаларында пайдаланылды.

Ал мына шығарманың алдына қойылған негізгі мақсаты XVIII-XX ғасыр басында Қазақстанның кең-байтақ шығыс, солтүстік, батыс Алтайлық өңірлерін өз кездерінде кеңінен зерттеген, сонымен қатар жалпы қазақ халқының барша тарихына арналған осы орыс ғалымдарының еңбектерін, ғылыми журналдар, тағы да басқа басылымдарға шыққан мақалаларын негұрлым толық тарихнамалық түрғыда алғаш рет қазақ тілінде ұсынуға өрекет жасалды.

Автор аталған мақсатта осы шығарманың жазылтуымен Қазақстанның шығыс өлкесінің XX ғасырдың басына дейінгі жазылған еңбектерді, зерттеулер мен шолуларды саралап, жинақтау арқылы оның көрсетілген кезеңге дейінгі тарихнамасы жасалынып бітті деген ойдан аулақ. Себебі бұл кітапқа біздің өлкеміздің XVIII-XIX ғасырлар көлеміндегі тарихынан құнды мәліметтер беретін А.К. Гейнстиң (Киргизские очерки: Военный сб., 1836. – №1), А. Гумбольдтың (Путешествие барона А. Гумбольдта, Эренберга и Розе в 1829 году по Сибири и Каспийскому морю (перевод с подлинника Н. Неронов). – СПб., 1837, т.б. еңбектері), К. Риттердің (Землевладение Азии Карла Риттера. – СПб., 1856-1877. – Т. 1-3; СПб., 1869, т.б.), Н.Н. Балкашинның (Об исследованих Н.Н. Балкашина касательно киргизской орды. Изв. Русс. геогр. о-ва, 1882, Вып. 4, Торговое движение между Западной Сибирью, Средней Азией и китайскими владениями,-Записи Зап.Сиб. отд.Русского геогр. о-ва, 1861, кн.3, ..., т.б. ), Г.М.Броневскийдің (Ведомость о посеве и урожае разного рода хлебов 1833 году в Омской области,-Землед. журнал 1834, №6., Записки о киргиз –кайсаках Средней Орды,-Отеч. Записки., 1830, ч.41, №119., ч.42, №120-121., О первой оседлости и хлебопашстве киргизов во вновь образуемом Кокпектинском округе в Киргизской степи,-Зем. журнал, 1832, №8., О состоянии земледелия в Сибирском казачьем войске,-Зем. журнал, 1826, №16., Об успехах земледелия в поселениях Сибирского казачьего войска,-Зем. журнал, 1822, №6, 1825, №5, т.б.), Гагемейстердің (Статистическое обозрение Сибири, т.1, Спб., 1854, т.б. ), С.Гуляевтың (Алтайские каменщики,-Спб ведомости, 1845, т.б.), Влангалидың (Геогностические поездки в

восточную часть Киргизской степи в 1849 году-Горный журнал, 1853,т-2, №4, №5, №6, №7, №8., Об устройстве амальгамарных мельниц при толчеях, для извлечения золота из руд, поступающих в обогащение в Алтайском горном округе , -Горный журнал, 1851,ч.2, кн.4, т.б.), Г.Спаскийдың (О чудских копях в Сибири,- Сиб. Вестник., 1819,ч-7., Путешествие по Южным Алтайским горам в 1809 году,-Сиб. Вестник, 1818,ч.3, т.б.), Г.Майердің (Алтайские серебряные рудники,-Алт.сборник,(Томск),1894, вып 1,,Золото на Алтае,-Горн. журнал, 1896,т.3,№7, 2-й, Отчет по обзору рудников Змейногорского края Алтайского округа, Спб., 1882, т.б.), В.В.Сапожниковтың (По Алтаю. Дневник путешествия 1896 года, Томск.,1897, т.б.), А.Седельниковтың (Седельников А.,Букейханов А. и др. Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи.-В книге: Россия.Полное географическое описание нашего отечества,Т-18, Киргизский край, т.б.) еңбектері енген жоқ [9].

Себебі бұл қөрсетілген шығармалардың барлығы да аса сирек кездесетін еңбектер қатарында болғандықтан әзірге оларды табуға мүмкіндік болмады. Сондықтан да осы ғылыми шығармаларды анықтап, қазақ тілінде сипаттама жасау алдағы жоспарлар қатарында бар.

Ал Қазақстанның Шығыс және Батыс Алтай еңірінің алғашқы қауымдық қурлыстан біздің заманымыздың XVIII ғасырына дейінгі тарихына арналған XVIII-XX ғасыр басы аралығындағы батыс, орыс зерттеушілерінің шығармаларын жинақтап, қазақшаға аударып, тарихнамалық тұрғыда шолу жасау ісі де болашақтағы жұмыс бағытына енгізілген. Атап айтқанда олардың қатарында Н.А. Абрамовтың, А.В. Адриановтың, А.Н. Андреевтың, И.А. Армстронгтың, Г.А. Аспелинның, Н. Гуляевтың, В.В. Григорьевтың, Я.И. Гурляндтың, А.А. Спициннің, Ю. Ставицкийдің[10], тағыда басқа ғалымдардың құнды зерттеулері бар. Міне осы жоспарлар іске асырылғанда қазақ халқының, оның арғы ата-бабаларының, осы өлкедегі көне заманнан XX ғасыр басына дейінгі қалыптасқан толық тарихына арналған қазақ тіліндегі біршама тарихнамасын жасауға мүмкіндік туатындығы белгілі.

Туған аймағымыздың мемлекеттік тілдегі толық тарихнамасын жасау жоғарыдағы қөрсетілген кезеңмен қатар XX ғасыр

көлеміндегі осы өлкені зерттеушілер еңбегін саралау арқылы іске асырылатындығы анық.

Осы тұрғыда біріншіден – белгілі ғалым, өлке танушылар С.Н. Герасимов, С.Е. Черных, Н.В. Алексеенколардың көптеген құнды зерттеулері қазақ тіліне аударылмаса, екіншіден – олардың көптеген мақалалары, зерттеулері Шығыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрафатының қорларында жинақталған.

Өлкеміздің тарихына арналған мол мәліметтерді XX ғасырдың екінші жартысының әр кезеңдерінде орыс тілінде шыққан Ф. Маликов, Е.К. Дильмухамедов, В. Галиев, С.К. Игібаев, Ж.Қ. Қасымбаев, Г.П. Жидков, В.В. Романов, А.Н. Алексеен-қад.б. шығармалары береді.

Сондықтан да жоғарыда көрсетілген XX ғасырдың екінші жартысынан XXI ғасыр басына дейінгі Қазақстанның шығыс өнірінің тарихын қамтитын осындай сараланған мұрағат құжаттарын мүмкіндігінше жинақтап, қазақ тіліне аударып, шолу жасау, олардың авторлары туралы мәліметтер беру, осы арқылы өлкенің өткенінің негұрлым толық тарихнамасын одан ары жалғастыру келешектегі атқарылар іс екендігін еске сала кеткенді жөн көрдік.

Яғни осы арқылы ғана XX ғасырдың аяғына дейін толық жазылмай, тіпті жазылсада кезіндегі саясатқа сай барынша бұрмаланып келген барша халқымыз бен еліміздің өткенін, соның ішінде оның жеке өлкелерінің ұрпағымызыға ұсынар шыншыл тарихын жасауға болатындығы белгілі.

Осы тұрғыда айта кететін бір мәселе – Қазақстанның барша шығыс аймағының XX ғасырга дейінгі тарихына арналған құнды құжаттар мен зерттеушілер еңбектерінің (Г.Е. Катаев, Е.П. Михаэлис, Г.Н. Потанин, т.б.) көпшілігі жоғарыда атальынып кеткен Ресейдің Омбы облыстық, Алтай өлкелік мемлекеттік мұрағат қорларында сақталынып отыр. Сонымен қатар осы мұрағаттарда біздің өлке тарихын кеңінен қамтыған Ресей императорлық географиялық қоғамының хабаршыларының мол сандары бар. Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының, Семей өлкелік кітапханасының сирек кездесетін тарихи әдебиеттер қорында да біздің өлкенің өткеніне арналған орыс тілінде жарияланған көптеген XIX-XX ғасыр басы көлеміндегі кітаптар мен жинақтар мол. Оларды да саралап аудару, осы арқылы атальған істі жалғастыру да болашаққа жоспарланып отыр.

# **I T A R A U**

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШЫҒЫСЫ  
МЕН АЛТАЙ ӨҢІРІ  
XVIII ФАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ  
ЖАРТЫСЫ ЗЕРТТЕУШІЛЕРІ  
ШЫҒАРМАЛАРЫНДА**





«Олар шекарага таяу көшіп жүргендे ...  
өздері тарапынан ешқандай да кері әрекет-  
тердің болмауына, кінәлілөр үшін зардал шек-  
пеуге ерекше назар аударады.

...Шетелдіктермен ізгілікті қарым-қаты-  
нас жасайды.

...Сөздерін жоғары екпінмен сөйлейді, көбінен  
се астарлы сөзді қолданады».

**П.С. Паллас**



## **§1 П.С. ПАЛЛАС – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШЫҒЫС, АЛТАЙ ӨҢІРЛЕРІН ЗЕРТТЕУШІ**

XVIII ғасырдың екінші жартысы Еуропа мен Ресей ғалымдары, зерттеушілері тарапынан қазақ халқының тарихи-этнографиялық дамуын зерттеудегі елеулі кезең болып табылады. XVIII ғасырдың 30-40 жылдарындағы Ресей империясының құрамына қазақ жайылымдықтарының солтүстік, батыс, орталық және солтүстік-шығыс өңірлерінің қосылуы Қазақстан территориясын орыс, Еуропа ғалымдары тарапынан зерттеу жүргізулеріне қолайлы жағдай жасады.

Петр I кезіндегі Ресейдің Еуропа мемлекеттерімен дипломатиялық және мәдени байланыстарының кеңеюі, оның шығыстағы саясатының белсенділігінің артуы және шетел мамандарын империяның мемлекеттік қызметтеріне шақыру да қазақ жерін Еуропа мәдени ортасының да теренірек зерттеуіне жағдай жасады [1].

Қазақстанның барша аймақтары сияқты оның Шығыс, Алтай өлкесінің өткен тарихын, жергілікті халық тұрмысы, мәдениетін, шаруашылығын, табиғат ерекшелігін мақсатты түрде зерттеу аталған өңірлердің Ресей империясы құрамына енүімен кең көлемді тұрғыда жүргізіле бастады. Орыс патшалығы құрамына бір ғасырдан артық уақыт көлемінде қосылған қазақ жерін зерттеумен XVIII ғасырдың басынан-ақ көптеген Ресей зерттеу орындары айналысты. Ғылым Академиясы, Географиялық қоғам, Тау ісі бірлестігі, Жол қатынастары министрлігі, Мемлекеттік мұлік министрлігі, Қазан университеті жанындағы археология, тарих және этнография қоғамы, т.б. ұйымдар айналысты [2].

Жалпы Қазақстанның барша аймақтары сияқты оның Шығыс өңірін Ресей тарапынан зерттеу негізінен екі бағытта жүргізілді:

1. Өлкені өскери, өнеркәсіптік игеру мақсатындағы мемлекет тарапынан зерттеу.

2. Ғылыми мақсатта жаңадан қосылған өлкенің халық салынын, шаруашылықты жүргізу әдістерін, мәдениеті мен тұрмысын зерттеу.

Қорытындысында бұл зерттеулөрді жарияладап, ғылыми ортаға таныстыру мақсат өтіп қойылды.

Жоғарыдағы аталған ғылыми орталықтар мен өлкетану қоғамдарында прогрессивті бағыттың өкілдері бірден айқындалатын. Біріншілері – патша үкіметінің отарлық саясатын жүргізушілер: генералдар губернаторлар, діни қызметкерлердің бір бөлегі мен шенеуніктер және оларға қарсы – (жоғарыда аталған, - F.К.) прогрессивтік бағыттағы интеллигенция өкілдері: мұғалімдер, дәрігерлер, агрономдар, жаратылыстанушылар, саяси жер аударылушылар [3].

Жалпы империяға қосылған өлкелерді жоғарыда көрсетілген мақсатпен зерттеуді үйымдастыруда Ресей Ғылым Академиясы жетекшілік роль атқарды. «Өзі үйымдасқан бірінші жылдардан бастап Ресей Ғылым Академиясы империяның шеткі аймақтарын зерттеуге белсенділіктен кірісті. Сол кездегі ғалымдардың аз ғана саны аса үлкен аймақты алып жатқан елді таңудың мүмкін еместігін түсінді.

Осыдан барып жергілікті тұрғындарды ғылыми іске тарту туралы ұсыныс пайда болды (Аталған мақсатта - F.К.). Арнайы шешім қабылданды. Онда Ғылым Академиясының «Ресей мемлекетіндегі елдер» туралы анықтамалар алуға ниецтілігі, алыс жерлерден ғылыми білімділігі бар, иғі істер туралы жазатын адамдар іздептіндігі айтылған.

Ғылым Академиясы осындай ерікті көмекшілөрдің жергілікті жерлерден берген анықтамалары ризалықпен қабылданатындығын жазған» [4].

Жалпы қазақ даласы, оның әр өлкелерінің табиғат байлығы, жергілікті халық туралы мәліметтер жинау одан ары уақытта басталғандығы белгілі. Олардың қатарына қазақ жері туралы алғашқы мәліметтер» Большой чертеж» жинағында кездеседі.

Осы тұрғыдан алып қарайтын болсақ XVIII ғасырдың соңғы ширегінде Қазақстанды, соның ішінде оның Шығыс аймағын,

«Алтай өңірін (Батыс Сібір - F.K.) толығымен зерттеген П.С. Паллас болды.

«Осы жылдары Петр I негізінен Петербург ғылым академиясы Сібірге, Алтайға, соның ішінде Қазақстанға да танысу мақсатындағы экспедициялар дайындауды бастады».

«...Осындай экспедицияның алғашқы басқарушысы 1727 жылы Германиядан шақырылған Иоганн Гмелин болды. 1731 жылы оны академикке сайлап, 1733 жылы оның басшылығымен Петербургтан Москва арқылы Қазан мен Сібір өлкесіне зерттеушілер тобы аттандырылды. Экспедиция 10 жылға созылып, ... Семей, Өскемен арқылы өтті».

1767 жылы Германиядан жаратылыстанушылар Петр Паллас пен Иоганн Георги келді. Олардың біріншісіне бірден академик атағын беріп, келесі жылы Орталық Ресей, тәменгі Поволжье, Каспий жағалауы, Орта және Оңтүстік Орал, Алтай, Байкал, Забайкальеге жасалатын ғылыми экспедицияға басшылық жасау тапсырылды.

... Жоғарыдағы сарапанған экспедициялардың ерекшеліктері сонда олардың барлығы Петербург ғылым академиясының мүшелері болып сайланған, алайда түгелге жуық орысша білмейтін шетел ғалымдары басқарды [5].

П.С. Паллас бұл аталған аймақта бірнеше рет болып, сол уақыттағы қазақ жеріне, халықтың өткеніне, шаруашылығына, мәдениеті мен тұрмысына талдау жасады. Қазақ халқына шындық тұрғысында баға берді. Қазақ жерін, оның шығыс өлкесін ресейлік қоныстандыруға, әскери-өнеркәсіптік игеру, тау-кен зауыттарының негізделу тарихынан бағалы мысалдар келтіріп, сипаттама жасайды. Жергілікті халық өмірінен мәліметтер берді. Орыс империясы құрамына қосылуына орай қазақ даласына сауда қатынастарының өнуін баяндады.

Петр Симон Паллас – жаратылыстанушы және жихангер, 1767 жылы Петербург академиясының мүшесі болып сайланды. Ресейге қоныс аударды. 1768-1774 жылдары академиялық экспедицияны басқарды. Ресейдің оңтүстік – шығыс аймағын, Орал мен Сібірді зерттеді [6].

Жалпы Паллас өзінің қазақ даласы арқылы Батыс Сібір өлкесіне жасаған бірнеше сапарларының негізінде көптеген кітаптар жазды. Атап айтқанда олар:

«Путешествие по разным провинциям Российского государства» (В Санкт-Петербурге при императорской Академии Наук, 1773. – Ч. 1);

«Физическое путешествие по разным провинциям Российской империи, бывшее в 1770 году» (1772. – Ч. 2);

«Петра Симона Палласа путешествие по разным провинциям Российского государства» (СПб., 1773. – Ч. 1);

«Путешествие бывшее в 1768-1779 гг». 1 книга);

2 книга-Часть-3. 1778 года, Половина -2.,

3 книга-Физическое путешествие по разным провинциям

«Российской империи бывшее в 1770 году» (1772. – Ч. 2)

П.С. Паллас сонымен бірге Алтай өңіріндегі ең ертедегі кен игерушілер тарихына да назар аударып, зерттеу қорытындысын «Рассуждение о стариных рудных копях в Сибири и их подобии с венгерскими различиствующими от копей римских» (Академ. Известия. СПБ., 1878) атты еңбегінде жариялады [7].

Паллас қызметінің маңыздылығы сонда, ол байырғы тұрғындар тұрмысы, халық кәсібінің, қазақ жерінің Ресей империясына қосылудының алғашқы кезеңдеріндегі ерекшеліктерін жинақтап, талдау жасады. Зерттеу қорытындысында шығарылған аталған кітап осы мерзімдегі негізінен дербес өмір сүрген халық тұрмысын зерттеудегі алғашқы құнды шығарма болды.

Онда ол қазақ жерін зерттеген орыс, батыс жихангерлерінің бастаушысы бола отыра алдымен «қазақ» ұғымының шығу тарихына тоқталады, оның мағнасының өзіндік жобасын ұсынады. «Бұл халық, – деп жазады ол, – өзін қырғыз-қазақ деп атайды және осы арқылы олар көршілеріне, Ресейге, қалмақтарға белгілі. Қырғыздардың әңгімесі бойынша ... олар алғашында түріктермен көршілес тұрған.

Евфрат өзеніне дейін тараған. Оларды Назидо хан билеген. Түрік иелігін билегісі келген ол осы мақсатына жету үшін екі Магомедті ... Хозан мен Хусеинді өлтірген ... Алайда оның бұл қылмысы ашылып, түріктер барлық қырғыздарды қуып жібереді. Сонан кейін олар нұғай татарларына көрші болады. Алайда оларға бағынып, қазіргі мекен етіп отырған даласынан да айырылады. Кейіннен олардың ордасы жонғарлар, монғол-